

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2021 жылғы 17 наурыздағы № ДС-110

### Құрметті депутаттар!

Сіздердің жайылым жерлерге қатысты сауалдарыңызды қарап мынаны хабарлаймын.

Шынында да ауылдық елді мекендер тұрғындарының мал басы үшін жайылымдық жерлердің тапшылығы проблемасы бар.

Елді мекендердің жайылым алқаптарының алаңы бар болғаны 21 млн. га құрайды, халықтың қолда бар ауыл шаруашылығы жануарлары үшін 50 млн. га астам жайылым қажет, тапшылық 30 млн. га құрайды.

*Облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық округтер, кенттер, ауылдық әкімдіктеріне ағымдағы жылдың аяғына дейінгі мерзімде «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын, оның ішінде «Жайылымдарды басқару жөніндегі жоспарларды» жасауды, бекітуді және практикалық қолдану бөлігінде орындау шараларын қабылдау бойынша*

«Жайылымдар туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 8-бап 2-тармағы аясында жергілікті атқарушы органдар халықтың мал жаюға қажеттілігін қамтамасыз ету үшін, ұйымдасқан шаруашылықтарда жүктелмеген жайылымдарын қайта бөлуге бағытталған 2 жыл мерзімге Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды (бұдан әрі – жоспар) әзірлейді және бекітеді.

Жергілікті ауыл тұрғындарының малдарын жайылымдармен қамтамасыз ету мәселесі Заң жүзінде реттелген, алайда жергілікті атқарушы органдар деңгейінде заң талаптарын толық негізде жүзеге асыру бойынша кемшіліктер бар. Атап айтқанда жоспарларды әзірлеу тек аудан деңгейінде жүргізілген, ауылдық округтердің жайылымға қажеттілігі және мал жаю схемасы ескерілмеген.

Осыған байланысты, облыстармен 2021-2022 жылдарға арналған жоспарларды бекіту жұмыстары жүргізілуде. 144 аудан бойынша жоспарлар бекітілген, ал 47 аудандар бойынша жоспарларды келісу және бекіту сатысында. Жыл соңына дейін бұл жұмыстар толық аяқталатын болады.

Практикалық қолдану бөлігінде Ауыл шаруашылығы министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп ауыл әкімдеріне және аудандық жер қатынастары бөлімдеріне тұрақты түрде жоспарларды әзірлеу сатысында методикалық көмек көрсетіп, арнайы оқыту семинарларын өткізеді. Бұл жұмыстар бекітілген жоспарларды қолдану аясында туындайтын барлық сұрақтарға тиісті деңгейде жауап беруге негіз болады. Сонымен қатар, арнайы нұсқаулықтар мен әдістемелік видеороликтер әзірленіп жергілікті атқарушы органдарға жолданды.

*Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың биылғы кеңейтілген Үкімет отырысында берген тапсырмасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар елді мекендерге қолданылмай жатқан жайылым жер учаскелерін мемлекеттік меншікке қайтару жөнінде қатаң шаралар қабылдау. Сондай ақ әрбір елді мекен бойынша жайылымдарды басқару жөнінде нақты жоспарлар құруды және осы жайында халықты ашық түрде хабардар ету бойынша*

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Бас прокуратура әкімдіктердің қызметінде жайылымдық алқаптарды бөлу, оның ішінде ауыл маңдарындағы жайылым алқаптарды ұзақ мерзімге жалға беру кезіндегі заңдылықтың сақталуына тексерулер жүргізуде. Бұл жұмыс жыл аяғына дейін жүргізілетін болады және нәтижесі бойынша заңсыз берілген жер учаскілерін қайтару бойынша тиісті шешімдер қабылданады.

Сонымен қатар, жер ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында жергілікті атқарушы органдармен өткізілген іс-шаралардың нәтижелері бойынша 2019 жылдың басынан бері 5,36 млн. га алқапта пайдаланылмаған жайылымдар анықталды, оның ішінде 2,31 млн. га қайта айналымға тартылды, 1,11 млн. га мемлекеттік меншікке қайтарылды, ал 1,94 млн. га жайылымдық жерлерді мемлекет меншігіне қайтару мақсатында сот процесстері жүргізілуде.

Жайылымдарды басқару бойынша жоспарлардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында заңнама аясында жобаларды ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет порталында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу және сараптамалық кеңестен сараптама қорытынды алынады. Сонымен қатар, қабылданған құжат бойынша жергілікті өзін өзі басқару органдары жайылым пайдаланушылар арасында тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізеді және интернет ресурсына орналастырады.

*Заң сәйкестігіне орай орталық және жергілікті атқарушы органдармен қабылданған барлық заңдық актілерге сараптама жүргізу бойынша*

Жалпы Заң қабылданғаннан кейін бекітілген жоспарларға сараптама жүргізілген болатын. Оның нәтижесінде жоспарларды барлық облыстар аудандар бөлінісінде әзірлегені анықталды, ал Заңға сәйкес оларды ауылдық округтер бөлінісінде әзірлеу және бекіту қажет. Жоспарларды әзірлеу кезіндегі кемшіліктерді жою үшін Министрлік Парламент Мәжілісінің Аграрлық

комитетімен бірлесіп жоспардың пилоттық жобасын әзірлеп, үлгі ретінде барлық облыстар әкімдіктеріне жіберді.

Осыған байланысты, қабылданған 144 жоспар осы үлгілік жобаға сәйкес қайта пысықталынып қабылданды.

*«Жайылымдар туралы» Заңның 13, 14, 15-баптарын және Жер кодексінің 84 бабы 2- тармағының 4-1) тармақшасының орындалуын ерекше бақылауға алып, Ауыл шарушылығы министрлігі өңірлердегі жергілікті атқарушы органдар және жер инспекциясымен бірлесіп, заңдағы бекітілген міндеттерді дер кезінде орындау, ауыл халқы алдындағы жауапкершілігін күшейту жөнінде және түсіндіру жұмыстарын жүргізуді ұсыну бойынша*

Жалпы ұсыныстарыңызды толықтай қолдаймыз. Заңды орындау мақсатында жауапты атқарушы органдардың құзыреттерін анықтау мәселесі «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және «Жайылымдар туралы» Заңдары шеңберінде қарастырылған. Орталық және жергілікті атқарушы органдар деңгейінде жоспарға сәйкес тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша өз тарапымнан тапсырманың берілгенін және көтеріліп отырған мәселелер тікелей Үкіметтің бақылауына алынғандығын хабарлаймын.

**Р. Скляр**

Қ.А. Мейрембеков

75-00-33